

Л.С. Динашева^{1*}, А.Д. Сандыбаева^{1,1}, Г.Ж. Примкулова²

¹ т.ғ.д., доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан
E-mail: lazzat.d69@mail.ru

^{1,1} т.ғ.к., доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан
E-mail: a.s_63@mail.ru

² т.ғ.к., доцент, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
E-mail: primkulova@ayu.edu.kz

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ-ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНІҢ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ АХУАЛЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақала барысында ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалы талданады. Бүгінгі посткеңестік кеңістікте өткен тарихи кезеңдерді қайта қарау үрдісі белсенді жалғасуда. Осы ретте ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесінің Сырдария облысы аумағындағы ауылшаруашылығының даму ахуалын тарихи талдау да өзекті. Қарастырып отырған жылдары Түркістан өлкесінің Сырдария облысы патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігіндегі жер болып табылды. Патшалық Ресей Түркістан облысы аумағын империяның бір бөлігі ретінде қарастырды. Аймақтағы шаруашылық түрлерін дамытып, экономикалық тұрғыдан пайда табу мәселесі де маңызды болды. Ол әсіресе мақта өсіру сияқты қоныс аударушылар үшін таңсық болған шаруашылық түрін дамытудан көрінді.

ХХ ғасыр басында Түркістан өлкесіне А.А. Кауфман, Н. Гаврилов, К.К. Паленнің сенаторлық ревизиялары жүргізілді. Аталған комиссия жұмысының есептерінде қарастырып отырған Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының даму қарқыны анықталады. Облыс аумағындағы суармалы жерлерді қолдану тәртіптері, көшпелі және отырықшы тұрғындар арасындағы жер қатынастары сияқты маңызды мәселелер бойынша мәліметтер сақталған. ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесінің Сырдария облысы аумағында көшпелі мал шаруашылығы, дәнді дақылдар егу, мақта өсіру, бағбаншылық сияқты маңызды шаруашылық түрлері қалыптасты.

Кілт сөздер: шаруашылық, үкімет, көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, суару жүйесі, Ереже, талдау.

Л. С. Динашева^{1*}, А. Д. Сандыбаева^{1,1}, Г. Ж. Примкулова²

¹ д.и.н., доцент, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан
E-mail: lazzat.d69@mail.ru

^{1,1} к.и.н., доцент, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан
E-mail: a.s_63@mail.ru

² к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан
E-mail: primkulova@ayu.edu.kz

РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ ХІХ-НАЧАЛЕ ХХ ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В ходе статьи анализируется ситуация развития сельского хозяйства в Сырдарьинской области Туркестанского края во ІІ половине ХІХ-начале ХХ вв. На современном постсоветском пространстве активно продолжается тенденция переосмысления исторического прошлого. При этом актуален и

исторический анализ ситуации развития сельского хозяйства на территории Сырдарьинской области Туркестанского края во второй половине XIX-начале XX вв. В эти годы Сырдарьинская область Туркестанского края являлась землей, находящейся в государственной собственности царской России. Царская Россия считала территорию Туркестанской области частью империи. Немаловажным стал вопрос развития хозяйственных форм в регионе и получения экономической прибыли. Это проявилось, особенно в развитии типа фермы, который был удивительным для поселенцев, таких как выращивание хлопка.

В начале XX века в Туркестанском крае проводились сенаторские ревизии А.А. Кауфмана, Н.Гаврилова, К.К. Палена. В отчетах о работе данной комиссии определяются темпы развития сельского хозяйства на территории Сырдарьинской области. Сохранены сведения по таким важным вопросам, как порядок использования орошаемых земель на территории области, земельные отношения между кочевым и оседлым населением. На территории Сырдарьинской области Туркестанского края во второй половине XIX-начале XX веков сложились такие важные виды хозяйства, как кочевое скотоводство, посев зерновых культур, хлопководство, садоводство.

Ключевые слова: хозяйство, правительство, кочевое скотоводство, земледелие, ирригационная система, Положение, анализ.

L.S. Dinasheva^{1}, A.D. Sandybaeva^{1,1}, G.Zh. Primkulova²*

¹ Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

E-mail: lazzat.d69@mail.ru

^{1,1} Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

E-mail: a.s_63@mail.ru

² PhD, Associate Professor, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

E-mail: primkulova@ayu.edu.kz

DEVELOPMENT OF AGRICULTURE IN THE SYRDARYA REGION OF TURKESTAN REGION IN THE SECOND HALF OF THE XIX-EARLY XX CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS

Abstract

The article analyzes the situation of agricultural development in the Syrdarya region of Turkestan region in the II half of the XIX-early XX centuries. In today's post-Soviet space, the trend of rethinking the historical past is actively continuing. At the same time, the historical analysis of the situation of agricultural development on the territory of the Syrdarya region of the Turkestan region in the second half of the XIX-early XX centuries is also relevant. During these years, the Syrdarya region of the Turkestan Region was a land owned by the state of tsarist Russia. Tsarist Russia considered the territory of the Turkestan region to be part of the empire. The issue of the development of economic forms in the region and obtaining economic profit has become important. This manifested itself, especially in the development of a type of farm that was surprising to settlers, such as cotton cultivation.

At the beginning of the twentieth century, senatorial audits of A. A. Kaufman, N. Gavrilov, K. K. Palen were carried out in the Turkestan Region. The reports on the work of this commission determine the pace of development of agriculture in the Syrdarya region. Information on such important issues as the order of use of irrigated land in the region, land relations between nomadic and settled populations has been preserved. On the territory of the Syrdarya region of the Turkestan region in the second half of the XIX-early XX centuries, such important types of economy as nomadic cattle breeding, sowing of grain crops, cotton growing, gardening developed.

Keywords: agriculture, government, nomadic cattle breeding, agriculture, irrigation system, Government, analysis.

Кіріспе. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі патшалық Ресейдің отарлық саясаты және капиталистік қатынастармен тығыз байланыста дамыды. Әрине капиталистік қатынастардың дамуы тарихнамада өндіріс орындарының дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Алайда Түркістан өлкесіндегі капиталистік қатынастардың дамуы ауыл шаруашылығының даму ахуалымен де байланысты болды. Түркістан өлкесінің ауыл шаруашылығының дамуы ең алдымен өндірістік капиталистік қатынастардың басты жағымды ортасына айнала алды. Ауыл шаруашылығын-дағы капиталистік қатынастардың дамуы нарықтағы сауда және айырбас

жүйесімен бірлесе отырып дамыды. Әрине Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария облысының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы ауыл шаруашылығының дамуы мәселесіне назар аударғанда өзіндік ерекшеліктерге көп мән беруіміз қажет. Бұл ерекшеліктерге табиғи және климаттық жағдайды жатқызамыз. Тек табиғи және климаттық жағдай ғана Түркістан өлкесі Сырдария облысының ауыл шаруашылығын бір жақты емес, көп түрлі ете алды. Өйткені табиғи, климаттық жағдайдың әсерінен аталған өлкенің ауыл шаруашылығы саласындағы сауда, айырбас жүйесі де әртүрлі бағыттарда қалыптасты.

Түркістан өлкесі Сырдария облысының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалы бүгінгі отандық тарихнаманың өзекті тақырыптарының бірі деп айта аламыз. Оның себебі біз жоғарыда атап өткендей ауыл шаруашылығындағы капиталистік қатынастардың генезисі, патшалық Ресейдің орталық аудандарымен байланысы, аталған өлкедегі аграрлық қатынастар мен патша үкіметінің отарлық саясатының ауыл шаруашылығына әсері сияқты өзекті мәселелерге жауап беруге болады.

Әдістеме. Мақалада тарих ғылымына белгілі ғылыми әдістер қолданылып, бірқатар ғылыми принциптер басшылыққа алынды. Атап айтқанда тарихилық және объективтілік принциптері қолданылды. Қарастырып отырған тақырыпты біз сол тарихи кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, талдауға тырыстық. Объективтілік принципіне сай мәселені жағымды және жағымсыз жақтарын қатар талдап, шынайылығы жоғары тұжырымдар жасалды. Мақала барысында ретроспективтілік әдісі қолданылды. Әдіске сай біз Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының даму қарқынын бірнеше тарихи кезеңдердегі сипатын қатар аша алдық. Сонымен қатар жалпыдан жалқыға өту әдісіне де назар аударылды. Түркістан өлкесі Сырдария облысына қатысты жалпы мәліметтер бере келе, нақты ауыл шаруашылығының даму қарқынына баға берілді.

Талқылау. Мақала барысында деректік маңызы жоғары бірқатар құжаттар мен еңбектер пайдаланылды. Олардың «Обзор Сыр-Дарьинской области», «Положение об управлении Туркестанским краем», «Переселенческое дело Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская): отчет по служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. чиновника особых поручений при Переселенческом Управлении Н. Гаврилова», А.И. Добромисловтың «Туркестанский календарь на 1896 год», А.И. Шахназаровтың «Сельское хозяйство в Туркестанском крае», Н.Н. Александровтың «Земледелие в Сырдарьинской области», А.И. Демидовтың «Экономические очерки хлопководство, хлопковой торговли и промышленности Туркестана», В.И. Масальскийдің «Хлопковое дело в Средней Азии и его будущее» атты еңбектері бар. Аталған еңбектердегі мәліметтер біздің тарапымыздан сыни талданып, негізгі тұжырымды ойлары басшылыққа алынды.

Нәтижелер. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағындағы шаруашылық түрлері жергілікті жердің ерекшеліктеріне сай қалыптасты. Дегенмен белгілі бір дәрежеде аталған аймақтағы шаруашылық түрлерінің қалыптасуына сыртқы факторлар да әсер етіп отырды. Атап айтқанда қалалы жерлердегі тоқыма өндірістерінің қажеттілігіне байланысты мақта егу кәсібі кең ауқымда дами бастады. Мақта шаруашылығының кең көлемде қолға алынып, дамыған уақыттарының бірі де дәл біз қарастырып отырған хронология шеңберіне жатады. Сырдария облысының шаруашылық істерін ұйымдастырудағы басты ерекшеліктерінің бірі – отырықшы және көшпелі аудандарды да біріктіруінде болып табылады. Өйткені облыс аумағында отырықшылыққа бейімделген шаруашылық түрлерімен қатар, көшпелі мал шаруашылығын да ұстанатын тұрғындар көптеп кездесті. Жалпы Сырдария облысының жер көлемі 356, 200 шаршы шақырымды құрады. Түркістан өлкесінің 61% дәл осы Сырдария облысына тиесілі болды. XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысы аумағына Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск сияқты уездер кірді. Сонымен қатар 1872 жылға дейін Сырдария облысы аумағында Жизақ, Ходжент сияқты уездер де болған еді. Рас кейіннен кейінгі аталған екі уезд Самарқанд облысына кірді. 1886 жылға дейін Сырдария облысына Түркістан уезі де кірген еді. Алайда бұл уезд кейіннен Шымкент уезінің құрамына қосылған болатын.

XIX ғасырдың соңына қарай Сырдария облысы аумағында тұратын тұрғындардың жалпы саны туралы мағлұмат нақты емес. Шамамен алғанда XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысы аумағында 675 мың адам тұрды деген мәліметтер кездеседі. 1885 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда облыс халқының саны 1 миллион 212 мың 600 адамға өскен. Олардың 345 100 отырықшы болса, 645 358 адам көшпелі өмір салтын ұстанған [1, с. 58-9]. Тұрғындардың ұлттық құрамы бір текті болған жоқ. Облыстың солтүстік өңірі егін шаруашылығына қолайлы десек, бұл жерлерде өзбектердың басымдылығы байқалды. Шымкент және Әулиеата уездерінде өзбектердің саны 1868 жылғы статистикалық мәліметтерге сай 19 мың шамасындағы адамдар болса, 1885 жылы 48,5 мың адамға өсті. Демек 17 жылдың ішінде екі жарым есеге өскені байқалады [2, с. 30]. Отырықшы және көшпелі

тұрғындардың санын салыстырмалы талдау арқылы облыстағы шаруашылық басымдылықты байқауға болады. Демек көшпелі мал шаруашылығы үстемдік етті деп айта аламыз.

Түркістан өлкесінің Сырдария облысы экономикалық тұрғыдан дамуы әлсіз аграрлы аймақ болды. Кеңестік тарихнамада Түркістан өлкесінің Сырдария облысы тұрғындары орыс халқының шаруашылық жүргізу тәсілін басшылыққа алып, отырықшы болуға ұмтылды деген түсінік қалыптасқан. Әрине бір жағынан мұндай пікірдің болуы да заңды. Алайда сан ғасырлар көлемінде қалыптасқан шаруашылық түрінен жергілікті халық бірден бас тартуы қиын мәселе. Сол себепті Түркістан өлкесінің Сырдария облысы тұрғындары мен қоныс аударған шаруалар арасындағы байланыстарды тек айырбас әрі бірін бірі толықтырушы шаруашылық негізде ғана жүзеге асып отырды. Толыққанды отырықшылыққа негізделген шаруашылық кейінгі жылдары ғана іске асты. Дегенмен XIX ғасырдың аяғында белгілі бір дәрежеде жергілікті тұрғындар арасында жаппай болмаса да, ішінара егіншілік кеңінен танымал шаруашылық бола түскені байқалады. XIX ғасырдың II жартысынан бастап айырбасқа негізделген сауда жүйесі дами бастады. Ақша бірлігі ретінде үш жасар қой қолданыста болды. Осы жылдары мұндай қойдың бағасы 3 және 4 сом аралығында бағаланды. Уақыт өте келе мұндай айырбас сауда жүйесі өз маңыздылығын жойып, оның орнына тауар-ақша қарым қатынастары ене бастады. Нәтижесінде өлкеде жәрмеңке сынды сауда қатынас түрлері пайда болды. Олардың сауда айналымдары да әр түрлі болды. Мысалы Перовсктегі жәрмеңкенің сауда айналымы 1863 жылы 3645 сом және 15 тиынды құраған болатын. Одан бөлек өлкеде Ташкент және Әулиатадағы жәрмеңкелер де ерекше сұраныста болды. Жәрмеңке – тек сауда байланыстар ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылардың өзара қызығушылықтарын бір мүддеге тоғыстыратын байланыс құралы да болды. Осылайша Сырдария облысы аумағында ішкі және сыртқы сауда қатынастары дами бастады. XIX ғасырдың соңында Сырдария облысының отырықшы аудандарынан 10 миллион пұт астық далалы аймақтарға сатыла бастады. Бидайды жеткізуші уездердің қатарында негізінен Әулиеата мен Шымкент болды. Ташкент уезді бидаймен қатар, негізінен күріш, жемістер мен жидек, сондай ақ қақталған жеміс өнімдерін жеткізумен айналысты. Далалы аудандар өз кезегінде мал және мал өнімдерінің жеткізушілері саналды. Оның ішінде тері өнімдері де отырықшы аудан тарапынан ерекше сұраныста болған еді [3, с. 15].

Сырдария облысының шаруашылық істері тек мал және егін шаруашылығынан ғана тұрған жоқ. Сонымен қатар ішінара дамуы байқалған өндіріс орындары да жұмыс жасады. Ірі өндіріс орындарын айтпағанда он адамнан тұратын ұсақ өндірістер де болды. 1885 жылғы статистикалық көрсеткіштерге сай Сырдария облысы аумағында 32 фабрика мен зауыттар жұмыс жасап тұрды. Бұл өндіріс орындарында 545 шебер қызмет етті. Осы отыздан астам фабрика мен зауыттардың табысы 891 мың сомды құрады. Сырдария облысы аумағында жұмыс жасап тұрған ұсақ өнеркәсіптердің жалпы саны 1608-ді құрады. Мұндағы шеберлердің жалпы саны 3 мыңнан асты. Ұсақ өндіріс орындарының жалпы бір жылдық табысы 591 мыңнан астам қаражатты құрады [4, с. 52].

Сырдария облысы аумағына темір жол тораптары тартылғаннан кейін шаруашылық істердің де келбеті өзгерді. Бұл әрине өндіріс орындарының дамуына оң ықпал етті. Тіпті ауыл шаруашылық өнімдерінің де сауда істеріне белсенді тартылып, оның таралым аймағының өсуіне де ықпал етті. Осы ретте атап өтетін бір жайт, мақта өндіретін зауыттарға артықшылықтар берілді. Бірақ қаншалықты назар аударылып, қажеттілік сезілгенімен Сырдария облысында салынған теміржолдар өлкенің өндірістік әлеуетін бірден арттырып жіберді деген шындыққа жанаспайды. Алғашқыда теміржолдар және олардың бойындағы елді-мекендер белгілі бір дәрежеде даму мүмкіндіктеріне ие болғанымен, толыққанды шиеленіскен мәселені шешіп бере алмады. Өйткені теміржолдардың салынуының отарлық мәні көп болды. Өлкенің шикізаттарын тасу міндеті айқын сезілді. Сол себепті де тіпті қолға алынған және барлық даму жағдайы жасалған мақта өндірісінің өзі толыққанды жүзеге аспай қалды. Тек шикізат көзі ретінде пайдалану тиімді болды. Мұндай тарихи сабақтастық кейіннен большевиктер саясатынан да байқаймыз. Жалпы отар елдің белгілі бір дәрежеде дамып, индустриалды елге айналуы отарлаушы ел үшін керек емес. Мұндай заңдылық қазақ жерін де айналып өтпеді. Ал қалыптасқан жағдайға сай Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысында өндіріс орындарын дамытудың артықшылықтары көп еді. Ең алдымен ол үшін барлық шикізат көздері толықтай жеткілікті еді. Екіншіден Сырдария облысы аумағында өндіріс орындарын дамыту арқылы жақын жатқан аймақтарға дайын өнімдерді сату мүмкіндігі артатын еді. Қарастырып отырған жылдары Орта Азия жерлерінің барлығы да мұндай өндіріс орындарының өнімдеріне мұқтаж болатын. Үшіншіден ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өндірісі өсіп, өлкенің әлеуметтік және экономикалық даму қарқыны да артатын еді [5, с. 71]. Алайда патшалық Ресей Сырдария облысы аумағында ауыл шаруашылығын дамытуға аса бір қызығушылық таныта қоймады. Әрине Сырдария облысына тән шаруашылық түрлерін қоныс аударға орыс шаруалары игеріп кете алмады. Соның бірі біз жоғарыда атап өткен мақта шаруашылығы болды. Оған қоса

патшалық Ресей өлкенің ауыл шаруашылығы саласын дамыту ісіне қаражат салғысы да келмеді. Керісінше өлкені «орыстандыру» саясатына назар да жақсы аударылып, қаражат та көп жұмсалды. Рас XIX ғасырдың II жартысында Түркістан өлкесі, Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығына көңіл аударыла бастаған еді. Мысалы Ф. Гирс «Түркістан өлкесін суару жүйесімен қамтамасыз ету аса маңызды. Осы бағытта үкімет тиісті қаражат бөлуі тиіс. Суармалы жердің көбеюі Ресей үшін де аса маңызды. Сол себепті де үкімет суару жүйесі жоқ жерлерді жеке адамдар мен қоғам мүшелеріне беруі тиіс. Олар арық қазып, суару жүйесін қалпына келтіргенше 3 және 10 жыл көлемінде салықтан босатуы тиіс. Белгіленген мерзім аяқталған соң, өзге аймақтар сияқты салықтары мен алымдарын төлеп бастайды» деген болатын [6, с. 60]. Алайда Ф. Гирстің бастамасы үкімет тарапынан қолдау таппады. Оның себептерін біз жоғарыда атап өттік. Бұл бастама әсіресе Сырдария облысы аумағындағы шөлді аймақтарды игеру тұрғысынан өте маңызды еді. Белгілісі сол патшалық Ресей Сырдария облысы аумағында осы сынды шөлді аймақтарды игеру ісіне жеке адамдардың қаражатын араластырмады. Мұндай маңызды істерді тек мемлекеттің қаражатына жүзеге асыру ісі жоспарланған. Түркістан өлкесі, Сырдария облысының шаруашылық істерін дамыту үшін мемлекет тарапынан қаражаттың бөлінуі расымен де аса маңызды еді. Ол турасында генерал А.Б. Вревский «Түркістан өлкесі томаға тұйық өмір сүріп жатқан аймақ. Тұрғындардың шаруашылығы тек өздерін ғана қанағаттандыруға бағытталған. Өлкенің қолайлы табиғи жағдайына қарамастан сырттан қаржыландырмаса ауыл шаруашылығы дамып кетуі екіталай. Теміржолдарды өлкенің барлық аймақтарына тартып, жерлерді суару жүйесімен қамтамасыз етуіміз керек. Тек мол шығындар арқылы ғана ауыл шаруашылығын толыққанды дамытуға болады» деген болатын [7, с. 81]. Тек XX ғасыр басынан бастап қана Түркістан өлкесін әкімшілік және экономикалық тұрғыдан басқару жүйесін өзгерту туралы шаралар қолға алына бастады. 1905 жылы белгілі зерттеуші А.Ф. Губаревич Родабыльский Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жобасын ұсынған болатын. Жобаға сай Отарлаушы Кеңес құрылып, оның құрамына тұрақты комитет те жұмыс жасауы тиіс болды. Оның мүшелері өлкедегі саяси және әкімшілік басқарумен қатар, шаруашылықтың барлық түрлерін дамыту ісіне көңіл аударатын болады деп санады. Бір қызығы бұл жоба бойынша Кеңестер құрамына жергілікті тұрғындар арасынан да мүшелер тағайындалуы тиіс саналды. Кеңестің 1/3 мүшесі жергілікті халықтан тағайындау арқылы өлкені басқару ісіне тартып қана қоймай, өздері жақсы білетін шаруашылық түрлерін дамытудың да жоспарын даярлауы тиіс еді. Сонымен қатар Отарлаушы Кеңес белгілі бір дәрежеде генерал-губернатордың өлкені басқару ісін жеңілдетеді деп есептелді. Әсіресе шаруашылықты ұйымдастыру, суару жүйесі сияқты өзекті мәселелерді шешеді делінді.

Жалпы Түркістан өлкесі Сырдария облысын басқару ісінің ауыл шаруашылығына әсері мол болды. Өйткені XX ғасыр басындағы Түркістан өлкесінің Канцеляриясы облыстар арасындағы байланыстардың күшеюіне ерекше көңіл аудара бастады. Ең бастысы облыстар арасындағы байланыстар алдымен тұрғындар өздерінің шаруашылық өнімдерімен бөлісуі, бір-бірінің қажеттіліктерін өтеуі тұрғысынан маңызды еді. Мысалы мақта және түрлі жемістер, жидектер өсірумен шұғылданатын аймақтарда жайылымдық жерлер өте аз. Сол себепті мал шаруашылығы өнімдерін Сырдария облысының өзге де уезд тұрғындары беруі тиіс саналды. Алайда XX ғасыр басындағы мәліметтерге қарасақ облыс аумағындағы шаруашылық ерекшеліктерді ескере отырып, тұрғындарға қол жетімді бағада ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу ісі әлі де болса толыққанды шешілмегендігін байқаймыз. Мысалы 1912 жылы жер шаруашылығы министрі А.В. Кривошеиннің мәліметтеріне қарағанда Түркістан өлкесіндегі ауыл шаруашылық өнімдері қымбат бағада сатылып келген. Мысалы бір пұт астықтың құны 1 сом 50 тиынды құраса, осыған дейін бір астықты тұрғындар 45 тиынға алып келгендігі айтылады [8, 69 р.].

Жалпы Түркістан өлкесі Сырдария облысы мал шаруашылығы және ішінара дәнді дақылдар өсіруге бейімделген аймақ болып табылады. Егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың жерге иелігінің де өзіндік ерекшеліктері болды. 1886 жылы қабылданған Ережеге сай Сырдария облысы тұрғындарының жер иеленуінің өзіндік тәртібі қалыптасты. Нақтырақ айтқанда жерге жеке меншіктің үш түрі бекітілді:

- Адамдардың тек өздеріне тиесілі жерлері. Мұндай жерлер көбінесе суармалы болды да, оның көлемі үлкен бола қойған жоқ. Мысалы Ферғана облысында 5 десятина, Самарқанд облысында 7 десятина, ал Сырдария облысында 10 десятина жерден болды;

- Мемлекеттік жерлер. Мұндай жерлер көшпелілерге, өздерінің шаруашылық істерін жүргізу үшін берілді;

- Вақфтық жерлер. Мұндай жерлер мешіт пен медреселерге тиесілі болды [9, с. 26-38].

Сырдария облысы және бүтіндей Түркістан өлкесіндегі ірі жер иелену дәстүрінің болмауының басты себептерінің бірі де дәл осы ұсақ жер шаруашылықтарының дамуы деп саналады. Ұсақ жерлерге иелік етіп отырғандар ауыл шаруашылығының барлық түрлеріне басымдылық берді. Олардың

қатарында ұсақ жеміс-жидектермен қатар, егін шаруашылығы, мақта өсіру және тағы да басқа суармалы жерлер мүмкіндік беретін дәнді дақылдардың барлығы да өсірілді. Сөзсіз ауыл шаруашылығының бұл түрі үлкен еңбекті талап етті. Сол себепті де егін шаруашылығына басымдылық берілген аудандарда ірі жер иеліктерін меншіктеп, оларды өңдеумен айналысатындар бола бермеді. Салыстырмалы түрде алғанда Түркістан өлкесіне қарасты облыстардың ішінде Сырдария облысында жеке адамдардың жер иеліктері үлкен саналды. Жоғарыда атап өткеніміздей оның көлемі 10 десятинаға жетіп отырды.

Түркістан өлкесі Сырдария облысының XIX ғасырдың аяғы және XX ғасыр басындағы ауыл шаруашылығының даму ахуалында байқалатын маңызды мәселелердің бірі – суару жүйесі болып табылады. Аталған аймақта ауыл шаруашылығына қажетті суару жүйесі мәселесі өте өзекті болды. Бұл бір жағынан Сырдария облысы аумағындағы жаңа жерлерді игеруге де мүмкіндік беретін еді. Ал жаңа жерлерді игеру болса патша үкіметінің отарлау саясатымен тығыз ұштасып жатқан еді. Түркістан өлкесінің суару жүйесіне қатысты алғашқы генерал-губернаторы болған К.П. Кауфман: «Өлкені отарлау саясаты, жаңа территорияларға иелік ету мәселесі суару жүйесін даярлау ісімен қатар жүруі тиіс» деген болатын. Демек жаңа территорияларды игеру патша үкіметінің саяси үстемдігін де ұлғайта түсті деп айта аламыз. Әрине саяси үстемдік өз алдына жеке мәселе. Саяси үстемдікпен қатар патша үкіметі Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағында егіншілік алқаптарын ұлғайту, сол арқылы экономикалық тұрғыдан пайда табу мәселесін де назардан тыс ақпдырмады. Суармалы жүйені дамытпаса егістік алқаптарынан мол пайда табамын деген ойдың өзі дұрыс емес еді. Ф. Гирс те «Түркістан өлкесі сусыз ештеңе де өндіре алмайды. Суды дұрыс реттеу арқылы халыққа бере алсақ, тұрғындарды жайлы өмірмен қамтамасыз ете аламыз. Суармалы жүйенің маңыздылығын халық осыған дейін де білген, қазір де түсінеді. Сол себеп себепті де суармалы жүйе Түркістан өлкесінде халықтық сипаттағы маңыздылыққа ие болып отыр» деген болатын [10, с. 23]. Бір ерекшелігі Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағында егістік алқаптарын суару жүйесі әкімшіліктің құзырындағы мәселе болды. Ол әсіресе К.П. Кауфманның тұсында шыққан ережеге сай ұйымдастырылып, аймақтарға су бөлу ісін отарлаушы үкімет өзі шешіп отырған. 1882 жылы генерал-губернатор М.Г. Черняев суару жүйесіне қатысты өзіне дейін жұмыс жасап келген барлық заңдар мен ережелердің күшін жойды да, 1886 жылғы Ереже бойынша арықтар мен өзендер және көлдерді суармалы жүйе ретінде қолдану ісі дәстүр бойынша жүретіндігі аталып өтті [11, с. 36]. Осы Ережеге сай 1888 жылы су жүйесін қолдану ісі бойынша нұсқаулық шығып, уезд басшылығы суару жүйесіне жауапты ақсақалдарды тағайындады.

Патшалық Ресей Сырдария облысын және бүтіндей Түркістан өлкесін мол пайда әкелетін шаруашылықтық аймаққа айналдыруды көздеді. Рас аталған аймақ ауыл шаруашылығының барлық түрін өндіре алуымен ерекшеленеді. Бау-бақша мен дәнді-дақылдарды егу ісімен қатар, мақта өсіру шаруашылығына үлкен мән берілді. Патшалық әкімшілік ауыл шаруашылығы өнімдерімен қатар, әсіресе мақта шаруашылығынан мол пайда табу жоспары болғаны да жасырын емес. Тек Түркістан өлкесі немесе Қазақстанның өзге аймақтары ғана емес, Ресейдің ірі өндіріс орындары да Түркістан өлкесі Сырдария облысында өсірілетін мақта өніміне аса мұқтаж болды. Бір атап өтетін жайттың бірі осы қарастырып отырған кезеңде Ресей белгілі бір дәрежеде Америка мақта шаруашылығына кіріптар еді. Міне Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысы аумағында мақта шаруашылығын дамыту арқылы Америка мақтасына деген осы мұқтаждықты жойғысы келді [12, с. 81]. Ресейде орналасқан зауыттар мен фабрикалар да Түркістан өлкесінен келетін мақтаға аса зәру болды. Агроном Н. Малаховский өзінің еңбегінде төмендегідей мәліметтер береді: «Мақта Түркістан өлкесінің негізгі келбетіне айналды. Ферғана, Самарқанд және Сырдария облыстары аумағында мақта шаруашылығын дамытуға тұрғындардың өздері де мұқтаждық танытты. Мысалы 1906-1907 жылдары жалпы Түркістан өлкесінен 160 миллион сом көлеміндегі ауыл шаруашылығы тауарлары әкетілсе, соның 135 миллионы мақта шаруашылығы өнімдерімен байланысты» деген болатын. Тіпті патшаның жергілікті отарлаушы аппараты мақта шаруашылығы арқылы өздеріне кеткен шығындарды ақтағысы да келгені байқалады. Ол үшін де Түркістан өлкесіне өздерін ұстау үшін жұмсалып жатқан қаражаттың өтемі бар екендігіні сездіру үшін жергілікті тұрғындардың мақта өсірумен айналысатындарды қолдап та отырды. Тіпті жергілікті және орталық үкіметтік мерзімді басылымдардан Ресей империясы үшін маңыздылығын ашатын арнайы мақалалар да жазылып тұрды. Демек мақта шаруашылығын Ресей өндірісі үшін ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың ауыл шаруашылығы үшін де өте ерекше маңызға ие бола бастады. Алайда Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығын одан әрі дамыта түсу үшін көп жұмыс жасалуы тиіс еді. Жергілікті тұрғындарды мақта шаруашылығына қойылатын жаңа талаптарды оқытумен қатар, оның тұқымын да жақсарту керек болды. Рас XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесінде өсірілетін мақтаның сапасы шетелдік мақталарға қарағанда өте төмен болды. Сол себепті әлемдік нарықта сұранысқа ие болып отырған америкалық тұқымға басымдылық берілді. 1884 жылы «Urland» деп аталатын тұқым түрі егілген болатын. Ендігі кезекте Түркістан

өлкесінің ежелден мақта шаруашылығын кәсіп еткен тұрғындар ғана емес, қоныс аударған шаруалар, көпестер мен тіпті шенеуніктер де мақта егумен айналыса бастады. Мақта өсіріп, мол пайда табамыз деген арман барлығына таралды. Сол жылдары мақта Түркістан өлкесінің суармалы жерлерінің барлығына егілді деген мәлімет те бар [7, с. 42-43].

Мақта шаруашылығына империя көлемінде мән берілгендіктен Самарқандқа дейін теміржол салынды. Алайда мақта шаруашылығына деген өте жоғары сұраныс Түркістан өлкесі, соның ішінде Сырдария облысының инфрақұрылымын жақсартып қоймады. Тек алып-сату жүйесін ғана белсенді етіп, қызу сауда қатынастарын дамыта алды. Суармалы жерлердің бағасы да күрт артты. Ол турасында жергілікті агроном А.Шахназаров: «мақта шаруашылығына арналған жерлердің құны қатты қымбаттаған. Мысалы Ферғана облысында десятинасы 200-300 сомды құраса, Сырдария облысында бір десятина жер 150-200 сом тұрады» деген мәліметтер келтіреді [4, с. 62]. Әрине мақта шаруашылығы Сырдария облысы аумағында жаңа қарқынмен дамып, одан пайда табамыз деген тұрғындардың санының артуы жағымды іс. Алайда қарастырып отырған кезеңде облыс аумағында бидай өсіру ісі тежелі бастады. Бұл өз кезегінде облыс аумағындағы нан тапшылығын тудырды. Патша үкіметінің шенеуніктері өздерінің шаруашылық істерді ұйымдастыруда қателік жіберді. 1901 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда бидайдың бір пұты 2 сом 50 тиынға дейін көтерілді. Салыстырмалы түрде алғанда бір пұт мақтаның құны 1 сом 80 тиынды құраған болатын. Рас жекелеген жерлерде мақтаның бір пұты 2 сом 50 тиынға дейін барып отырды. Алайда мақта шаруашылығына дейінгі алғашқы қарқын азайғанын байқаймыз. Өйткені 1902 жылы мақта егу 100 мың десятинаға дейін азайып кетті. Демек алғашқы кезеңдегідей қарқын жоғала бастады. Орын алған жайттан шығу үшін түрлі шаралар қабылданды. Солардың бірі Орынбор және Ташкент аралығын қамтитын теміржол құрылысын бастау еді. Бұл теміржолдың салынуы бір жағынан нан тапшылығын жоюға көмектесе, екінші жағынан мақта шаруашылығына деген қызығушылықты қайта арттырды. Теміржолдың салынуы, мақта өніміне деген жоғары сұраныс, тұрғындардың ерекше қызығушылығының болуы сияқты маңызды факторлар болды. Алайда бұл факторлар мақта шаруашылығы немесе мақта өсіру ісін арзан кәсіп түрі ете алмады [13, с. 87].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесі Сырдария облысының тұрғындары арасында үйреншікті ауыл шаруашылық түрлерімен қатар, өзге де техникалық өсімдіктер егу ісі де қолға алынды. Мысалы Сырдария облысының Ташкент уезінде қант қызылшасы, темекі және тағы да басқа өндірісте қолдануға болатын өсімдіктер өсіру ісі дами бастады. Оған қоса ежелден дамып келе жатқан бағбан-шылық, жүзім, ұсақ жеміс егу ісі де қарқынды дамыды. Әсіресе Ташкент уезі бұл тұрғысынан алда болды.

Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман өзіне берілген аймақтың шаруашылықтық әлеуетінің жоғары екендігін жақсы түсінді. Әрине ең алдымен ол Түркістан өлкесінің жаңа жерлерін игеру арқылы патшалық Ресейдің өлкедегі үстемдігін нығайтуға болатындығына сенді. Дегенмен оның мұндай әрекеті Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағындағы ауыл шаруашылығының дамуына және тың бағыт алуына жағдай жасады деп санаймыз. Рас Сырдария облысы және бүтіндей Түркістан облысының өзіндік ерекшеліктері бар аймақ. Өзге де генерал-губернаторлықтармен салыстырғанда Түркістан өлкесі адамдардың тығыз орналасуымен ерекшеленеді. Сол себепті де орыс қоныс аударушыларын көптеп орналастыру өзге де аймақтармен салыстырғанда аса белсенді жүрмеді. Сонымен қатар қоныс аударған шаруалардың жергілікті халыққа қарағанда ауыл шаруашылығымен айналысуы соншалықты белсенді болмады. Өйткені жергілікті халық егіншілікке жарамды жерлердің барлығын пайдаланып, ауыл шаруашылығын тиісті дәрежеде игеріп отырған еді. Дегенмен Түркістан өлкесіне орыс қоныс аударушыларының келуі өз кезегінде ауыл шаруашылығының даму үрдістеріне белгілі бір өзгерістер әкелді. Басты өзгеріс қоныс аударушыларды жермен қамтамасыз етуде байқалды. Қоныс аударушылардың негізгі меңгерген шаруашылық түрі егіншілік болғандықтан оларды өзендер мен көлдер, орманды жерлерге орналастыру жоспарланды. Өз кезегінде мұндай шешім облыс аумағында егін шаруашылығы, жер өңдеу ісін кәсіп етіп отырған адамдарға экономикалық қиындықтар тудырды. Кеңестік тарихнамада қоныс аударушыларды жермен қамтамасыз ету барысында жергілікті тұрғындардың қолданыстағы жерлеріне тиіспеді деген пікір қалыптасқан. Өйткені қоныс аударушыларды орналастыру барысында жергілікті тұрғындар қолданбайтын жерлерді пайдаланды деген пікір айтады. Жалпы дәстүрлі қазақ қоғамында «артық жерлер» болмағаны анық. Көшпелі мал шаруашылығы үшін мерзімдік қоныс аударуға қажетті жерлер керек екені белгілі. Алайда бұл ерекшелік патша шенеуніктері тарапынан ескерілмеді. Нәтижесінде қоныс аудару саясаты ең алдымен мал шаруашылығы, оның ішінде көшпелі мал шаруашылығы үшін орасан зор шығын әкелді. 1910 жылы Сырдария облысының жергілікті тұрғындарының «артық жерлерін» алу туралы заң шыққан болатын. Мал шаруашылығына зиянын тигізетін бұл заңнан кейін Сырдария облысы тұрғындары

арасында өзара келіспеушіліктер орын ала бастаған. Тіпті көшпелі мал шаруашылығын ұстанушылар мен қоныс аударушылар ғана емес, сонымен қатар егін шаруашылығымен айналысатын жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында да келіспеушіліктер, қақтығыстар да орын алып отырған. Соңғылардың қақтығысы негізінен суару жүйесіне қатысты еді. Өртүрлі шаруашылық түрлері арасында жер бөлу барысында да қателіктер жіберілді. Мысалы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар өзендер мен көлдерге, жайылымдық жерлерге оңай жете алмады. Өйткені отырықшы аудардар мен көшпелілер арасындағы шекаралар жоспарсыз бөлінген болатын. Сол себепті де өзендер мен көлдер көшпелілер үшін қол жетімсіз дүниеге айналды. Империяның статисті болған А.А. Кауфман Сырдария облысы аумағында жер пайдаланудың ерекшеліктерін сипаттай келе, бір қызық жайттармен бөліседі. Мысалы орыс қоныс аударушылары өздеріне берілген жерлерді жергілікті қазақтардан өз еркімен емес, еркінен тыс тартып алған болатын. Сондықтан олардың арасында жергілікті қазақтардың заңды құқықтарымен санаспау сияқты ұстаным берік орнаған болатын. Қоныс аудару басқармасының шенеунігі Н.Гаврилов Сырдария облысы Шымкент уезінде жергілікті қазақ пен қоныс аударушы шаруа арасында дау пайда болғандығын айтады. Екеу арасындағы шекара бөлісу тәртібін зерттеген шенеунік қоныс аударушы шаруаның ісін теріс деп тауып, дауды жергілікті қазақтың пайдасына шешеді. Сол кезде қоныс аударушылар патша қоныс аударушы-ларына қарсы дауды қазақтар қалайша жеңеді деп ұзақ таңғалды деген мәліметтер береді [14, с. 23-32]. А.А. Кауфман көшпелі қазақтар мен қоныс аударушы шаруалар арасындағы шекара бөлісудің әртүрлі жолдарын атап өтеді. Көшпелілер үшін дала ең алдымен мал шаруашылығына қажетті кеңістік болды. Көшпелі мал шаруашылығын ұстанушылар үшін территориялар арасындағы шекараны сақтау өте қиын болды немесе жайылымдық жердің кеңдігі аса маңызды болды. Керісінше қоныс аударушы шаруалар шекараның сақталуы және оның бұзылмауы сияқты факторларға басымдылық берді. Міне жер иеленудегі екі түрлі ұстаным ерте ме кеш пе қақтығысқа алып келетін еді. Көшпелі мал шаруашылығын ұстанушы қазақтар қоныс аударушылардың егістік территориясына кіріп кеткен жағдайда түрлі айыппұлдар салынды. Мұндай жайттар сөзсіз жергілікті халық пен қоныс аударушылар арасында түсініспеушілік сияқты жайттарды тудырып отырды.

Түркістан өлкесі Сырдария облысы аумағына көшірілген қоныс аударушылар көп жағдайда шаруашылық істерін жүргізуді жергілікті тұрғындардан үйренді. Алайда кеңестік тарихнамада қоныс аударушылар жергілікті халыққа егін егу мәдениетін үйретті деген жалған пікір қалыптасқан болатын. А.А. Кауфманның XX ғасыр басында Түркістан өлкесінде іс сапарда болып, оның қорытындысы бойынша жазған есебінде алғашқы қоныс аударушылар жаңа жерге келгенде оны игеру үшін көп нәрсені үйренуі тиіс болғандығын атап өтеді. Міне жергілікті жердің ерекшеліктері мен егістік егудің қыр-сырын жергілікті тұрғындардан үйренгендігі туралы мәліметтер береді. Тіпті жағдайы бар қоныс аударушылар суару жүйесін ретке келтіру үшін жергілікті қазақтарды жалдаған [15, с. 17]. Сөзсіз мұның өзі жергілікті Сырдария облысы қазақтарының тек көшпелі мал шаруашылығы ғана емес, сонымен қатар егіншілікті де жан-жақты игере алғандығының көрсеткіші болып табылады.

Қорытынды. Сонымен қорытындылай келе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Түркістан өлкесі Сырдария облысындағы ауыл шаруашылығының даму үрдісі бір жақты болмаған. Түрлі бағытта дамып, өлкенің әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосты. Сырдария облысы бірнеше уездерден тұрғындығы анықталды. Ең бастысы облыс құрамына кіретін уездер өздерінің табиғи-климаттық жағдайына қарай ауыл шаруашылық түрлеріне басымдылық берді. Облыс аумағының басым көпшілігін көшпелі мал шаруашылығын ұстанатын жергілікті халық құрады. Сонымен қатар егіншілік те ерекше сұраныста болды. Дәнді дақылдар егу ісі және бақша, жеміс-жидектер, мақта шаруашылығы да заман ағымына сай дамыды. Жергілікті халық мал шаруашылығын игеруде мол табыстарға жетті. Егіншіліктің дамуында да жергілікті халықтың үлесі жоғары болды. Осы ретте Сырдария облысы аумағына қоныс аударған шаруалар егіншіліктің дамуына үлес қосқанымен, ол шешуші әсерге ие болған жоқ деп нақты қорытынды жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Обзор Сыр-Дарьинской области. – Ташкент: Сыр-Дарьинский областной статистический комитет, 1893. – 225 с.*
2. *Добромыслов А.И. Туркестанский календарь на 1896 год. – 1896. – 97 с.*
3. *Алимов А. Развитие торговых отношений в Туркестане (конец XIX – начало XX вв.). – Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ташкент, 1971. – 39 с.*
4. *Шахназаров А.И. Сельское хозяйство в Туркестанском крае. – Санкт-Петербург, 1900. – 186 с.*
5. *Александров Н.Н. Земледелие в Сырдарьинской области. – Ташкент, 1918. – 256 с.*

6. Алимджанов Б.А. Экономическая политика Российской империи в Туркестанском генерал-губернаторстве (вторая половина XIX – начало XX вв.). – Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Санкт-Петербург, 2016. – 376 с.

7. Демидов А.И. Экономические очерки хлопководство, хлопковой торговли и промышленности Туркестана. – Москва: 1926. – 248 с.

8. Brower D. *Turkestan and the Fate of the Russian Empire*. – London: Routledge Curzon, 2003. – 213 p.

9. Савицкий А.П. Поземельный вопрос в Туркестане (В пректах и законах 1867-1886 гг.). – Ташкент, 1963. – 152 с.

10. Черданцев Г.Н. Водное право Туркестана в его настоящем и проектах ближайшего будущего. – Ташкент, 1911. – 134 с.

11. Положение об управлении Туркестанским краем. – Санкт-Петербург: Государственная типография, 1886. – 53 с.

12. Масальский В.И. Хлопковое дело в Средней Азии и его будущее. – Санкт-Петербург, 1892. – 166 с.

13. Понятовский С. Опыт изучения хлопководство в Туркестане и Закаспийской области. – Санкт-Петербург: Кирибаум, 1913. – 171 с.

14. Переселенческое дело Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская): отчет по служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. чиновника особых поручений при Переселенческом Управлении Н. Гаврилова. – Санкт-Петербург, 1911. – 87 с.

15. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края: отчет члена Ученого Комитета А.А. Кауфмана по командировке летом 1903 г. – Санкт-Петербург, 1903. – 38 с.

References:

1. *Obzor Syr-Dar'inskoj oblasti*. – Tashkent: Syr-Dar'inskij oblastnoj statisticheskij komitet, 1893. – 225 s.

2. Dobromyslov A.I. *Turkestanskij kalendar' na 1896 god*. – 1896. – 97 s.

3. Alimov A. *Razvitie torgovyh otnoshenij v Turkestane (konec XIX – nachalo XX vv.)*. – Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Tashkent, 1971. – 39 s.

4. Shahnazarov A.I. *Sel'skoe hozyajstvo v Turkestanskom krae*. – Sankt-Peterburg, 1900. – 186 s.

5. Aleksandrov N.N. *Zemledelie v Syrdar'inskoj oblasti*. – Tashkent, 1918. – 256 s.

6. Alimdzhanov B.A. *Ekonomicheskaya politika Rossijskoj imperii v Turkestanskom general-gubernatorstve (vtoraya polovina XIX – nachalo XX vv.)*. – Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Sankt-Peterburg, 2016. – 376 s.

7. Demidov A.I. *Ekonomicheskie ocherki hlopkovodstvo, hlopkovoj torgovli i promyshlennosti Turkestana*. – Moskva: 1926. – 248 s.

8. Brower D. *Turkestan and the Fate of the Russian Empire*. – London: Routledge Curzon, 2003. – 213 p.

9. Savickij A.P. *Pozemel'nyj vopros v Turkestane (V prektah i zakonah 1867-1886 gg.)*. – Tashkent, 1963. – 152 s.

10. Cherdancev G.N. *Vodnoe pravo Turkestana v ego nastoyashchem i proektah blizhajshchego budushchego*. – Tashkent, 1911. – 134 s.

11. *Polozhenie ob upravlenii Turkestanskim kraem*. – Sankt-Peterburg: Gosudarstvennaya tipografiya, 1886. – 53 s.

12. Masal'skij V.I. *Hlopkovoe delo v Srednej Azii i ego budushchee*. – Sankt-Peterburg, 1892. – 166 s.

13. Ponyatovskij S. *Opyt izucheniya hlopkovodstvo v Turkestane i Zakaspijskoj oblasti*. – Sankt-Peterburg: Kirshbaum, 1913. – 171 s.

14. *Pereselencheskoe delo Turkestanskom krae (oblasti Syr-Dar'inskaya, Samarkandskaya i Ferganskaya): otchet po sluzhebnoj poezdke v Turkestan osen'yu 1910 g. chinovnika osbyh poruchenij pri Pereselencheskom Upravlenii N. Gavrilova*. – Sankt-Peterburg, 1911. – 87 s.

15. *K voprosu o russkoj kolonizacii Turkestanskogo kraja: otchet chlena Uchenogo Komiteta A.A. Kaufmana po komandirovke letom 1903 g.* – Sankt-Peterburg, 1903. – 38 s.